Мырзабеков Жамбыл Ерғараұлының «6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындалған «М.Х. Дулатидің философиялық дүниетанымындағы түркі өркениетінің тарихи-мәдени құндылықтары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

## СЫН-ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпығылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Адамзат дамуының қазіргі күрделі кезеңінде өмір сүріп отырған әрбір халық, әрбір мемлекет жаһандану үдерісіне белсене қатыса отырып, өзінің бірегейлігі мен дербестігін сақтап қалуға ұмтылуда. Бұған апаратын бірден бір жол – өзіне тән тарихи-мәдени құндылықтарын сақтап, дамыту, оларды адамзаттың жалпы құндылықтарымен үйлесімді үйлестіру. Кез келген халықтың өзіне тән тарихы, әдебиеті, салт-дәстүрі, философиясы, өмір тіршілігі бар екендігі және философиялық ойлау жүйесі өзінің ежелгі танымдары мен наным-сенімдерінен, кең ауқымды рухани мәдениетінің қайнарынан, әдебиеті мен өнерінен өріс алып, дамып отыратындығы және болашаққа жол сілтеп отыратындығы белгілі.

Казақ халқының өзіндік философиялық ойларының дамуы қиын да қатал тағдыр кешкен тарихымен тікелей байланысты. Философия тарихы әрбір ұлттың, халықтың рухани мәдениетімен, әсіресе оның генофондын, ұлттың ақыл-ойы мен парасатын қалыптастырып, дамытуда айқындаушы рөл атқарған танымал тұлғалардың қызметімен тікелей байланысты екенін есте устағанымыз абзал. Өйткені, әрбір ойшыл, ғұлама, философ ең алдымен өз ұлтының, халқының перзенті. Оның шығармалары халықтың ұлттық ойлауынан, тілімен, әдет-ғұрпымен, әдебиеті мен өнерімен, жалпы мәдени өсу дәрежесімен тығыз байланысты. Бұл ойымызға ұлт тарихында өмір сүрген танымал тұлғаларымыздың тарихи, әдеби-философиялық мәні өте терең туындылары дәлел бола алады. Сондықтан олардың дүниетанымын зерттеудің, әсіресе философиялық тұрғыдан теориялық және практикалық талдаудың аса маңызды екені сөзсіз. Ұлттық философия мен ұлттық тарих философиясының жаңа даму бағыттарын белгілеп берген «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында атап көрсетілгендей, «Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы». Бұл тұрғыдан алғанда, халқымыздың дана қайраткерлері мен ойшылдарының өмірі мен ілімін зерттеу – отандық философия өкілдерінің кезек күттірмейтін міндеті екені күмәнсіз. Әрине, осы мақсатты жүзеге асыру тәуелсіздігімізге қол жеткізген кезеңнен бастап жүйелі түрде жүргізілді және ауыз толтырып айтарлық жетістіктеріміз де жеткілікті. Десек те, соңғы уақытта бұл үдерістің баяулап қалғаны жасырын емес. Сондықтан да түркі дүниесінің көрнекті қайраткері ғана емес, кемеңгер ойшылы Мұхаммед Хайдар Дулатидің философиялық дүниетанымындағы тарихи-мәдени құндылықтарды зерттеуге арналған осындай еңбектің жазылуы – қазіргі қазақ философиясындағы оң құбылыс.

Докторант Ж.Е. Мырзабеков өзінің диссертациялық жұмысында өткен тарих шежіресі мен тарихи дәуір, кезең шындығы туралы танымы терең тарихи туынды жазып қалдырған ұлы ойшыл Дулати шығармашылығында түркі өркениетінің тарихы ғана емес, рухани, мәдени, құндылықтықдүниетанымдық мәселелердің көрініс табуын талдаған. Ойшылдың тәуелсіз мемлекетіміздің руханияты үшін аса маңызды да қажетті ойларының философиялық астары мен рухани сұраныстағы маңызын саралау – кезкелген уақыт пен ұрпақ үшін өзекті болып қала бермек. Әсіресе, тұлғалық қалыптасудағы тектілік пен кісілік ұғымдарының мазмұнын, ислам дінін насихаттау барысындағы діни ахуалға байланысты пікірлерін, руханият пен мәдениетке қатысты тұжырымдарын, сондай-ақ, түркілік және қазақ өркениеттерінің ортақ мәдени-тарихи құндылықтарын зерделеп, ой жалғастығы көріністерін айшықтау, бүгінгі күрделі рухани мәселелерді шешудегі оң әсер-ықпалын сипаттау зерттеудің аса маңыздылығын көрсетеді. ХХ ғасырмен бірге келген әлемдік жаһандану жағдайы еліміздің рухани-мәдени ахуалдың күрделене түсуіне, өскелең ұрпақ пен жалпы адам болмысының дамуына да ықпалын тигізуде. Сол себепті ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу, ұлттық тарихымызды зерттеу арқылы ұлттық ойлауымыздың деңгей-дәрежесін саралау, ұлы тұлғалар өнегесін насихаттау өміршең де өзекті сипатқа ие. Осы тұрғыдан алғанда, ізденуші Ж.Е. Мырзабековтің «М.Х. Дулатидің философиялық дүниетанымындағы түркі өркениетінің тарихи-мәдени құндылықтары» атты диссертациясы – қазақ елінің болашақ дамуын анықтаушы «Мәңгілік Ел», «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» және тағы басқа мемлекеттік бағдарламаларға сай, теориялық және практикалық сұраныстармен тығыз байланысты тың дүние.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Жұмыста көптеген шетелдік, ресейлік және қазақстандық түркітанушы ғалымдардың Мұхаммед Хайдар Дулати тұлғасы мен шығармашылығына қатысты пікірлері, жалпы өркениет пен мәдениеттің ортақ мәдени-тарихи құндылықтар негізінде дамуы және тағы басқа тұжырымдары зерттеу жұмысының ғылыми пайымдауларын дәйектеуде қолданылып, талданған. Жұмыстың мақсат-міндеттері жалпы алғанда дұрыс тұжырымдалған. Диссертациялық зерттеу барысында ізденуші Ж.Е. Мырзабеков мынадай жаңа нәтижелерге қол жеткізген.

Бірінші ғылыми нәтиже тарих философиясына қатысты. Ауызша тарих пен жазбаша тарихтың негізгі ерекшеліктері философиялық тұрғыдан сарапталып, тарихи объективтілікті сипаттаудың жолдарына талдау жасалған.

**Екінші ғылыми нәтижеде** Мұхаммед Хайдар Дулатидің тұлғалық болмысы мен дүниеге көзқарасының қалыптасу шарттары ғылыми сипатталып, дәйектелген.

**Үшінші ғылыми нәтиже** ойшыл еңбектеріндегі этикалық ойтолғамдардың төлтумалылығымен байланысты.

**Төртінші ғылыми нәтижеде** Дулатидің адам болмысы, оның өмірмәндік тұжырымдары әлемдік философтардың пікірлерімен салыстырмалы түрде талданып, маңызы мен ерекшеліктері ғылыми негізделді.

Бесінші ғылыми нәтижеде тақырыпты зерттеудің терең өзектілігі, еліміздің «Мәңгілік ел» Стратегиясын жүзеге асырушы «Ұлы даланың жеті қыры», «Рухани жаңғыру» бағдарламаларымен үндестігі ғылыми пайымдалған.

Алтыншы ғылыми нәтижеде түркі өркениетінің мәдени-тарихи құндылықтарын қайта жаңғыртудың алғышарттары мен замандық сұранысы негізіндегі қырлары анықталды.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Бірінші ғылыми нәтиже нақты және терең негізделген. Тарих философиясы теориялық тұрғыда жан-жақты талданып, жазбаша тарихтың маңызды да өзекті мәселелері мен түйткіл тұстары сарапталған. Тарих философиясын ғылыми негіздеуде ізденуші Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди», «Жаһаннаме» еңбектеріне, В.В. Вельяминов-Зернов, Ж.Ж. Молдабеков, Аманжол Қасабек, Т.Султанов, Н.Мингулов және тағы басқа зерттеушілердің теориялық еңбектері мен дереккөздеріне, сонымен қатар, жаһандық талдауларға арналған ғылыми мақалаларға сүйенген.

Екінші ғылыми нәтиже дұрыс және жан-жақты дәлелденген. Мұхаммед Хайдар Дулатидің тұлғалық болмысы мен дүниеге көзқарастарының, ойшылдық қабілетінің қалыптасуына, өмір жолына талдау жасалып, тарихи ақиқат хақындағы тұжырымдары Мансура Хайдар, Әбсаттар Дербісәлі, Ислам Жеменей және тағы басқа ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, философиялық негізде сарапталған. Ойшыл еңбектерінің түркі өркениетіндегі, ұлттық философия ғылымындағы маңызы арнайы зерттеулер негізінде дәлелденген.

**Үшінші ғылыми нәтиженің** негізделуі мен шынайылық дәрежесі жоғары деп санаймын. Дулати сынды тарихшы, қолбасшы, ойшыл, ақын, қоғам қайраткерінің ізгілік, мейірімділік пен адамгершілік туралы ойтолғамдарының төлтумалылығы оның жоғарыда аталған еңбектеріне, Әл-Ғазали ойшылдың, Н.Идибеков, Б.Қалыпбекова, Г.Иманбекова және тағы басқа зерттеушілердің еңбектерін талдау арқылы ғылыми дәйектелген. Қазіргі қазақстандық қоғам үшін ойшыл тұжырымдарын одан ары тереңдетіп, зерттеудің аса қажет екені дәлелденген.

**Төртінші ғылыми нәтиже** Дулат ойшылдың толғаныстары арқылы адам болмысының жұмбақ әлемі талданып, өмірмәнділік тұжырымдары оның «Тарих-и Рашиди», «Жаһаннаме» еңбектерін философиялық тұрғыдан талдап, отандық және еуропалық кеңістіктегі экзистенциалист ойшылдар Альбер Камю, Габриэль Марсель, Ғарифолла Есім, Гүлжиһан Нұрышева және тағы басқалардың көзқарастарын өзара салыстыру арқылы ғылыми негізделген.

Бесінші ғылыми нәтижеде нақты және дәлелді қорытындылар ұсынылған. Бүгінгі Қазақстан қоғам үшін өте маңызды стратегиялық құжаттар болып табылатын – «Ұлы даланың жеті қыры», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» сияқты «Мәңгілік ел» қалыптастырудың негізі болып саналатын бағдарламалармен үндестігі, қазіргі тарихи-танымдық сананы жаңғыртудағы аса қажеттілігі тұжырымдалады.

**Алтыншы ғылыми нәтиже** жалпы түркілік қоғам үшін ортақ болып саналатын мәдени-тарихи құндылықтарды жаңғыртудың перспективалық бағдарлары мен тұғырларын анықтап, ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, дәйектейді.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Бірінші ғылыми нәтиже тарих философиясына қатысты болғандықтан, тың, жаңа болып саналады, себебі, ізденуші ауызша тарих пен жазбаша тарихтың өзіндік ерекшеліктерін санамалап, философиялық талдаулар жасаған және арнайы кесте негізінде ұсынған.

Екінші ғылыми нәтиже философия тарихы, оның ішінде дулатитану ғылымына қосылған жаңа қорытынды екені даусыз. Ойшылдың тұлғалық болмысы, дүниеге көзқарасының қалыптасу заңдылықтары мен шарттылықтары жан-жақты әрі арнайы философиялық негізде талданып, ғылыми пайымдауларымен кеңейте түседі.

**Үшінші ғылыми нәтиженің** жаңашылдық деңгейі жоғары. Себебі, тек тарихи толғамдарымен ғана емес, теологиялық этиканың көрнекті өкілі ретінде Мұхаммед Хайдар Дулатидің адамгершілік туралы ойтолғамдарының төлтума екендігі ғылыми айқындалады.

**Төртінші ғылыми нәтиже** – жаңа. Мұхаммед Хайдар Дулатидің адам болмысы мен өмірмәнділігі хақындағы тұжырымдары мен көзқарастары еуропалық экзистенциализм өкілдерінің ой-пікірлерімен ортақ негізде, салыстырмалы түрде талданып, мазмұндық ерекшеліктері ұсынылған, кесте түрінде көрнекі дәлелденген.

Бесінші ғылыми нәтиже салыстырмалы түрде алғанда жаңа болып саналады. Диссертант Ж.Е. Мырзабеков Мұхаммед Хайдар Дулати шығармашылығының бүгінгі Қазақстан қоғамы мен тәуелсіздігімізді баянды етудегі маңызы айқын көрсетіп, мемлекеттік бағдарламалардың мақсатміндеттерін жүзеге асыратын негізгі тетіктердің бірі екендігін ғылыми тұжырымдаған.

Алтыншы ғылыми нәтиженің шынайылық деңгейі өте жоғары, себебі, түркілік өркениеттің мәдени-тарихи құндылықтарының философиялық маңызы, оның ішінде Мұхаммед Хайдар Дулати идеяларының заманауи сұраныстарға сәйкестігі, оларды қайта жаңғыртудың перспективалық бағдарлары мен тұғырлары алғаш рет ұсынылған.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Ж.Е. Мырзабековтің ғылыми-ізденістері Диссертант барысында тұжырымдаған ғылыми нәтижелері мен қорытындыларының теориялық және практикалық маңызы жоғары деп айта аламын. Ең алдымен, зерттеу тұңғыш тарихшымыз Мұхаммед Хайдар Дулатидің философ ойшыл ретіндегі қырын танытуға арналған және онда тарих философиясының қайшылықты тұстары талданған. барысында мәселелері жан-жақты Зерттеу мен өзекті тұжырымдалған нәтижелер мен тұжырымдарды мемлкеттік бағдарламаларды жүзеге асыруда, түркі философиясы мен қазақ философиясының тарихына қатысты оқулықтарда, жоғары оқу орындарында «Философия» пәнін «Мәдениеттану», «Дінтану», «Саясаттану» «Философия». оқытуда, мамандықтары бойынша оқылатын дәрістерде қолдануға болады. Сонымен қатар, республика жоғары орындарында Дулати шығармашылығы бойынша арнаулы курстар оқып, семинарлар жүргізуді ұсынамын.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижелері 9 ғылыми мақалада жарияланған: соның ішінде, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған философия бағытына байланысты диссертацияның негізгі қорытындыларын жариялауға арналған арнайы журналдарда – 3; шетелдік және отандық республикалық және халықаралық ғылыми конференциялар жинағында – 5, Scopus базасында индекстелетін нөлдік емес импактфакторлы журналда – 1. Сонымен қатар, М.Х.Дулати шығармашылығына байланысты көп жылғы ғылыми-ізденіс жұмыстарының нәтижесінде дайындалған «Түркі өркениетінің мәдени-тарихи құндылықтарын зерттеу негіздері» атты оқу құралы 2015 жылдан бері республикамыздың жоғары оқу орындарында қолданылып келеді.

7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Диссертант Ж.Е. Мырзабековтің зерттеу жұмысы философия тарихының, әлеуметтік философияның және тарих философиясының өзекті мәселелерінің біріне арналған, ғылыми-теориялық және әдістемелік деңгейі жоғары еңбек болып табылады. Дегенмен, диссертациялық жұмыста кемшіліктердің де бар екенін айта кеткім келеді.

Ең алдымен, диссертацияның стилистикалық құрылымында кемшіліктер бар. Философиялық талдауларды дәйектеу мен ғылыми негіздеуде кейбір сөйлемдер шұбалаңқы, күрделі берілген. Бұл автордың ойын толыққанды тұжырымдауға кедергі келтіреді.

Екіншіден, тараушаларда ой қайталаулар кездеседі, әрине, бұл ойшыл тұлғасын, философиялық ойларын астарын айқын көрсетуден келіп шыққаны даусыз, бірақ та кейбір ойтұжырымдарды тереңдете түссе, жұмыстың маңыздылығы тіпті арта түскен болар еді.

Үшіншіден, түркілік руханиятты және Мұхаммед Хайдар Дулати мұраларын қайта жаңғыртудың заманауи тетіктері және перспективалары ұсынылған, дегенмен, оларды практикалық тұрғыдан шыңдай түсу қажет еді. Алайда, бұл кемшіліктер мен ұсыныстар диссертациялық жұмыстың мазмұны мен ғылыми құндылығын еш төмендетпейді, докторант бұл ескертпелерді өзінің болашақ зерттеулері мен ғылыми-ізденістерінде ескереді деп ойлаймын.

8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Диссертант Ж.Е. Мырзабеков қорғауға ұсынып отырған диссертациялық зерттеу жұмысы ғылыми жағынан өзекті тақырыпқа арналған және өте манызды. Жұмыс толық аяқталған, қойылған мақсат-міндеттер нақты шешімін тапкан. Зерттеу жұмысының негізгі максат-міндеттерінін толыққанды шешілуі барысында түркі дүниесіне ерекше ықылас танытып, қызығушылық білдірген академик В.В. Бартольд, В.В. Вельяминов-Зернов, С.Г. Кляшторный, П.П. Иванов, Л.Н. Гумилев және тағы басқа ғалымдардың еңбектерінен Мұхаммед Хайдар Дулатидің шығармашылығы мен өміріне қатысты тың деректер келтіріліп, мазмұн-маңызы тереңдете ашылған. Сонымен қатар, ізденуші орыс ғалымдарының және ұлттық дулатитанудың көшбасшысы Шоқан Уәлихановтан бастап, «Тарих-и Рашидидің» тарихи маңызын даралап, қазақ халқының төл тарихына байланысты өзіндік үлесін көрсетуде бірқатар зерттеу жұмыстарын жүргізіп келе жатқан философия, тарих, әдебиет және тағы басқа сала ғалымдарының еңбектерін басшылыққа алып, олардың теориялық ой-толғамдарына сүйенген. Диссертациялық жұмыс отандық философия ғылымына қосылған тың еңбек деп санаймын.

Ізденуші Ж.Е. Мырзабековтің қорғауға ұсынылған «М.Х. Дулатидің философиялық дүниетанымындағы түркі өркениетінің тарихи-мәдени құндылықтары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының мазмұны ҚР БҒМ Білім және ғылым саласын бақылау жөніндегі Комитеттің «Ғылыми дәреже беру ережесінің» 2-бөлімінің талаптарына сәйкес орындалған.

Жоғарыда айтылған тұжырымдарға сүйене отырып, «М.Х. Дулатидің философиялық дүниетанымындағы түркі өркениетінің тарихи-мәдени құндылықтары» атты зерттеу жұмысының авторы Мырзабеков Жамбыл Ерғараұлы «6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

## Ресми сын-пікір беруші:

ҚРБҒМ ҒМ Философия, саясаттану және дінтану институты, Дінтану бөлімінің бас ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының докторы, профессор б.М.Сатершинов

Казақстон Республикасы білім және ғылым мянистрлігі Гылын комитетінін юфия, свясаттану және лінгану институты"

республикалық мемлекеттік қазыкалық касшорн Республиканское госуларственное казенное предприятие "Институт фялософии, политологии грепитиоведения" Комитета науки Министерства образования и науки Республики Кели

5, M. Carepuland колын растаймын подпись кадр бөлімі отдел кадров